

**«Ақтөбе қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Ұзақбай Құлымбетов атындағы №64 жалпы білім беретін орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің кезектен тыс қамқоршылық кеңесінің
№5 хаттамасы**

17-маусым 2024 ж.

Ақтөбе қаласы

Қатысқандар саны - 23 адам

Шақырылғандар: -11 (өзін-өзі бағалау комиссия мүшелері)

КҮН ТӘРТІБІ

1. «Ұ.Құлымбетов атындағы №64 жалпы білім беретін орта мектебі» КММ директоры А.Т.Латыптың мектепте өзін - өзі бағалау жұмысын жүргізу қорытындысы туралы есебін тыңдау.

ТЫҢДАЛДЫ:

1. Ш.Ж.Абдыкаликов- қамқоршылық кеңесінің төрағасы

Бүгінгі күн тәртібіне қойылған мәселе бойынша таныстырып, Ұ.Құлымбетов атындағы №64 жалпы білім беретін орта мектебінде 2024 жылдың 02 мамырынан – 31 мамыр аралығында өзін-өзі бағалау жұмысы жүргізілгенін атап өтті. Мектептің өзін-өзі бағалау нәтижелерімен таныстыруға сөзді мектеп директоры А.Т.Латыпқа берді.

СӨЙЛЕУШІ:

А.Т.Латып -өзін-өзі бағалау комиссиясының төрағасы, мектеп директоры

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» № 486 бұйрығының 2- тарау 3-тармағының 1,2- тармақшаларына сәйкес Ұ.Құлымбетов атындағы №64 жалпы білім беретін орта мектебінің кезектен тыс өткізілген №4 кіші педагогикалық кеңесінің шешімімен 2024 жылдың 02 мамырынан – 31 мамыр аралығы өзін-өзі бағалау кезеңі деп танылып, өзін-өзі бағалау жүргізу үшін жоспар құрылды. Жоспарға сәйкес комиссия құрамы бекітіліп, комиссия мүшелері арасына тапсырмалар бөлініп берілді. Өзін-өзі бағалау кезінде білім беру қызметіндегі нормативтік-құқықтық актілермен жеке қолданыстағы құқықтық актілер зерделенді. Мектептің қызметіне өзін-өзі бағалау барысында педагог кадрлардың тиісті бейінін анықтайтын құжаттарының үлесі, біліктілік санаттары бойынша үлес пайызы, біліктілігін арттыру курстарынан өткен педагогтердің үлесі, мемлекеттік тіркеу тізіліміне сәйкес жабдықтармен және жиһазбен жарактандырылуымыз, ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдар үшін жасалған жағдайлар, оқу- әдістемелік кешендермен қамтамасыз етуіміз сәйкестігі бағаланды. Мектеп педагогтары мен 4-9 класс білім алушыларының ата-аналарынан және мектеп алды дайырлық класының тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне ата-аналардың пікірін білу үшін, сапалы оқыту мен тәрбиелеу үшін жағдайдың жасалу деңгейін анықтау үшін педагогтерден онлайн сауалнамалар алынды. Сонымен қатар, білім, білік және дағды сапасын бағалау үшін 4,9 класс оқушыларынан онлайн форматында тест алынды. Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының қызметін бағалауға арналған өлшемшарттарына сәйкес жоғарыдағы

көрсетілген мазмұнда бағалау парағы толтырылып, білім беру қызметтерін көрсету сапасына «үздік» деген қорытынды берілді. (слайдпен бағалау парағы көрсетілді).

Қамқоршылық кеңесінің мүшесі Ш.Абдыкаликов мектеп қызметіне жүргізілген өзін-өзі бағалау жұмыстарына қанағаттанатынын, «Мектепте соңғы үлгідегі Сенсорлық тақталардың жоқтығын сөзге тиек етті», сонымен қатар магистрлер санын арттыру керек екенін ескертті.

Мектеп директоры А.Т.Латып қойылған ескертулер бойынша Ш.Абдыкаликовке қазіргі таңда 2023 жылдың бюджеті бойынша 8- панель тақта алынды, ал 2024 жылдың бюджеті бойынша 20-принтер, 45-шкаф(бастауыш сынып оқушыларына), 2025 жылдың бюджетінің жоспарында 5-сондай панель тақта, мектеп парталарын жаңарту жоспарланып отырғанын айтты.

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы Ш.Абдыкаликов өзін-өзі бағалау жұмыстарының берілген қорытындысын қолдайтындығын атап өтті.

Күн тәртібіне қойылған мәселе толық тыңдалып, талқыланып

ШЕШІМ ЕТТІ:

1. Мектеп басшысының өзін-өзі бағалау жөніндегі есебінің нәтижелері «жақсы» деп бағалансын.
2. Ү.Құлымбетов атындағы №64 жалпы білім беретін орта мектебі өзін-өзі бағалау жұмысының қорытынды анықтамасы мектептің интернет-ресурсында уақытылы жариялансын.
3. Қамқоршылық кеңесінің шешімі мектептің интернет-ресурсында жариялансын.

Кеңес төрағасы



Абдыкаликов Ш.Ж.

Хатшы



Джамбулова А.Е.

Кеңес мүшелері:



Мырзалиева Гульфайруз Мырзамуратовна
Арман Маратович
Елюбаева Жанна Куанышевна
Аманбаева Ақбота Амангелдіқызы
Жумагалиева Райлан
Бримжарова Гульжанат Алпысбаевна
Куанышкереева Дарига Саинқызы
Ермагамбетов Дауренбек Барлықұлы
Тәжімұратов Айтуған Бауыржанұлы
Жолдасбаева Розалия Утегеновна
Өтеміс Индира Сәрсенғалиқызы